



«Бекітемін»
Мектеп директоры:
Н.Кулахметов

№27 «Аққала» жалпы орта мектебі
МАД IV тобының 2022-2023 оқу жылына
арналған ата-аналармен жұмыс жоспары

№	Атқарылатын іс-шаралар тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	«Қанекей танысайық!» Ата-аналар комитетін сайлау	Қыркүйек	Шадикулов А
2	«Бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролі» баяндама	Қазан	Шадикулов А
3	Ашық есік күні. Сауалнама	Қараша	Шадикулов А
4	Жекеленген ата-аналармен жұмыс	Жыл бойы	Шадикулов А
5	«Бала тәрбиесі бесіктен басталады» баяндама	Желтоқсан	Шадикулов А
6	«Ана – біздің гүліміз» ертеңгілік «Ұлыстың ұлы күні» мерекесі	Наурыз	Шадикулов А
7	Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларына дайындық	Мамыр	Шадикулов А

Орындаушы: Шадикулов А

№27 «Аққала» жалпы орта мектебі
МАД IVтобының 2022-2023 оқу жылының
ата-аналар жиналысының

№1 Хаттамасы

Мерзімі: 3 қыркүйек 2022 ж

Қатысуға тиіс: 4

Қатысқандар: 4

Күн тәртібі

1. Жаңа оқу жылына ата-аналар комитетін сайлау
2. Түрлі мәселелер

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші және екінші мәселе бойынша Шадикулов А әр баланың ата-анасымен толық сөйлесіп, балаларды сабақтан себепсіз қалдырмауын, кешіктірмеуін айтып өтті. Балаларыңыз мектепке қабылданғаннан бастап тәрбиеші олармен жеке жұмысжүргізеді. Олардың тілін дамыту үшін, логикалық ойлауын, жан-жақты дамуын қалыптастыру мақсатында түрлі дидактикалық ойындар мен жұмыстар жүргізіледі. Мектепте бекітілген күн тәртібі арқылы балалармен уақытылы жұмыстар жасалып отырады, яғни таңертеңгілік жаттығу, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері, серуен, ойын түрлері барлығы өз уақытымен өткізіліп отырады. Шадикулов А ата-аналарды ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерімен таныстырды. Мектепке даярлық тобында 20 сағат ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті өтеді. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің ұзақтығы 25-30 минут. Мерекелік ертеңгіліктер өтіліп отырады.

Әр ата-ана сауалға өз ойларын білдіріп, ортаға салды. Сұрақтарға ауызша жауап берді. Ата-аналар арасынан бірауыздан ойласа келе, жауапкершілігі мол ата-ана комитетін сайлады. Олар: ата-ана комитеті төрағасы: Шадикулова Л, төраға орынбасары: Махмудов Р, комитет мүшесі: Нишанбаева Ш сайланды.

Қаулы:

- 1.Мектеп күн тәртібі қатаң сақталсын.
- 2.Ата-ана комитетінің құрамы жоғарғыдай бекітілсін.

Төраға: Шадикулова Л
Хатшы: Махмудов Р

№27 «Аққала» жалпы орта мектебі
МАД IV тобының 2022-2023 оқу жылының
ата-аналар жиналысының

№2 Хаттамасы

Мерзімі: 22 қазан 2022 ж

Қатысуға тиіс: 4

Қатысқандар: 4

Күн тәртібі

1. «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролі» баяндама
2. Түрлі мәселелер

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тәрбиеші Шадикулов А сөз алып «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролі» тақырыбында баяндама оқыды. Ол өз баяндамасында бала тәрбиесінде ата-ана өз перзентінің келешегі үшін жауапты екендігін айтып өтті.

Шадикулов А ата-аналарға мектептің күн тәртібін еске сала отырып, осы күн тәртібін қатаң түрде сақтауын өтінді. Яғни, балаларыңызды таңертең уақытылы мектепке алып келіп, таңғы жаттығуларға қатыстыру керектігін айтты. Тәрбиеші сыныптағы балалардың үлгерімі мен тәртібін айтып өтті. Ата-аналарды қыркүйек айындағы мониторинг нәтижесімен таныстырды.

Күзгі демалысты қызықты етіп ұйымдастыру, балалардың қауіпсіздігін қадағалаубойынша ата-аналарға ұсыныстар айтылды.

Қаулы:

- 1.Әрбір ата-ана бала тәрбиесіне көңіл бөлуі тиіс
- 2.Демалыста балаларды назарда ұстау ата-аналарға жүктелсін

Төраға:

Шадикулова Л

Хатшы:

Махмудов Р

№27 «Аққала» жалпы орта мектебі
МАД IV тобының 2022-2023 оқу жылының
ата-аналар жиналысының

№3 Хаттамасы

Мерзімі: 21 желтоқсан 2022 ж

Қатысуға тиіс: 4

Қатысқандар: 4

Күн тәртібі

1. «Бала тәрбиесі бесіктен басталады» баяндама
2. «Қош келдің, Жаңа жыл!» мерекесі
3. Түрлі мәселелер

Тыңдалды:

Ата-аналар жиналысын тәрбиеші Шадикулов А ата-аналарды тәуелсіздік күнімен және де келе жатқан жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтай отырып, жаңа жыл жаңа қуанышымен келуін тіледі. «Бала тәрбиесі бесіктен басталады» тақырыбында баяндама оқыды.

Тәрбиеші топтағы балалардың үлгерімі мен тәртібін айтып өтті. Оқу жылының бірінші жарты жылдығындағы өтілген оқу іс-әрекет барысындағы әр баланың жеткен жетістіктерін айтты. Көптеген балалардың сандарды танып, есептеуді үйренгендерін, әрітерді танып, оны оқып жазуды үйрене бастағандарын айтты. Жыл басындағы көрсеткіші төмен балалардың қазір біршама дәрежеге көтерілгенін айтты.

Тәрбиеші балалардың жаңа жылдық мерекеге дайындығын айтып, әр баланың мерекеге сәйкес киетін костюмдерін ата-аналарға тапсырды. Жаңа жылдық мерекені ата-аналардың келіп тамашалауына болатындығын айтты. Балалардың жаңа жылдық сыйлықтарын ата-аналар бірауыздан ойласа келіп шешіп, ата-аналар комитетіне сеніммен тапсырды. Қысқы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігіне ата-ана жауапты болатындығын айтты.

Қаулы:

1. Бала үлгерімінің жоғарылауына ата-ана да өз үлесін қоссын.
2. Демалыста балаларды назарда ұстау ата-аналарға жүктелсін

Төраға:

Шадикулова Л

Хатшы:

Махмудов Р

№27 «Аққала» жалпы орта мектебі
2022-2023 оқу жылының
ата-аналар жиналысының

№4 Хаттамасы

Мерзімі: 3 наурыз 2023 ж

Қатысуға тиіс: 4

Қатысқандар: 4

Күн тәртібі

- 1.Балалардың жетістігі мен кемшілігі. Мониторинг
2. «Ана біздің гүліміз», «Ұлыстың ұлы күні» атты мерекелік шаралар

Тыңдалды:

Ата-аналар жиналысын тәрбиеші апай аналарды 8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесімен құттықтаумен бастады.

Бірінші мәселе бойынша балалардың жетістіктерімен таныстырды. Мониторинг көрсеткіші бойынша әр баланың деңгейіне тоқталып өтті. Балалардың алғашқы оқу жылына қарағанда білім деңгейі біршама көтерілгенін атап өтті.

Екінші мәселе бойынша ата-аналарға көктем мезгілінің алғашқы мерекесіне арнайы дайындалып жатқандарын айтып өтті. Аналар мерекесінде түрлі ертегі кейіпкерлерінің киімдерін киетінін айтты. Ата-аналарға мерекеге сай киіндіріп алып келуі тапсырылды. Балалардың барлығы ән айтып, тақпақ айтып, би билейді.

22 наурыз Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне балалардың ұлттық киәмдер киетінін айтып өтті. Қазақтың ұлттық ойындарына қатысатындарын айтып өтті.

Ата-ана пікірі тыңдалды. Ата-аналар сөз алып өз ойларын айтты. Шадикулова Л сөз алып балалардың білім алып жатқанына көңілі толатынын айтып жылы лебізін білдірді. Махмудов Р, Нишанбаева Ш апайлар өз ойларын айтып өтті.

Қаулы:

- 1.Балалармен одан әрі қарай жұмыс жасалсын.
- 2.Әр балаға мерекеге сәйкес костюм кигізілсін.

Төраға:

Шадикулова Л

Хатшы:

Махмудов Р

№27 «Аққала» жалпы орта мектебі
МАД IVтобының 2022-2023 оқу жылының
ата-аналар жиналысының

№5 Хаттамасы

Мерзімі: 18 мамыр 2023ж

Қатысуға тиіс: 4

Қатысқандар: 4

Күн тәртібі

1. Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларына дайындық
2. Түрлі мәселелер

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші және екінші мәселе бойынша Шадикулов А сөз алды. Тәрбиеші топтағы балалардың үлгерімі мен тәртібін айтып өтті. Жыл бойы оқу іс-әрекет барысындағы әр баланың жеткен жетістіктерін айтты. Мониторинг нәтижелерімен таныстырып өтті. Барлық балалардың сандарды танып, есептеуді үйренгендерін, әріптерді танып, оны оқып жазуды үйрене бастағандарын айтты. Жыл басындағы көрсеткіші төмен балалардың қазір біршама дәрежеге көтерілгенін айтты.

Жазғы демалыс 3 ай бойы балалардың демалысын ұйымдастыру ата-аналарға жүктелетіндігін айтып өтті. Демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігіне ата-ана жауапты болатындығын айтты.

Қаулы:

1. Балалардың үлгерімі қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Демалыста балаларды назарда ұстау ата-аналарға жүктелсін

Төраға: Шадикулова Л

Хатшы: Махмудов Р